

егемен

Қазықастан

«...Нұра жерім еді»

Қазақтың аяулы перзенті Сәкен Сейфуллин қысқа өміріндегі қиын-қыстау кезеңдердің бірінде туған еліне, атамекенге арнаған өлеңінде осылайша толғанған.

Жалпы Қорғалжын мен Жаңаарқа аралығындағы бұл сұлу өлке ақын жүрегіне ыстық болған. Омбының мұғалімдер семинариясын бітіріп келген соң еңбек жолын да 1916 жылдың күзінде Ақмоладан 65 шақырым жердегі Бұғылы болысындағы подполковник Сұлтан төре Абылайұлының ауылында ашылған мектепте оқытушы болудан бастаған. Заманындағы шоқтығы биік ағайындар Салық, Жақия, Закария, Қайып Айнабековтармен үлкен сыйластықта болып, немере қарындастары Гүлбаһрам Батырбекқызымен көңіл жарастығына жалғасқан ел де осы.

Халқымыздың ардагер азаматының тұлғасы енді өз сүйіктісі Нұраның төрінде асқақтап тұратын болды. Аудан орталығының көрнекті тұсында орнатылған еңселі ескерткіш ақын бейнесін айнытпай елестетуімен ерекшеленеді. Оның ашылуына облыс әкімі Әбілғазы Құсайынов, Парламент Сенатының депутаттары Светлана Жалмағамбетова, Серік Ақылбай, «Нұр Отан» ХДП партиялық бақылау комитетінің төрағасы Боран Рахымбеков, Астанадағы С.Сейфуллин мұражайының директоры Несіпбек Айтұлы, асыл жанның туған-туысқандары қатысып, гүл шоқтарын қойды.

Сұңқар ақынға ескерткіштің қойылуына нұралықтар атынан «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында: «Есіл өзенінің бойындағы Усабай ақсақалдың ауылына түстендік» деп жазылудағы аталған кісінің ұрпағы, ҚР оқу-ағарту ісінің үздігі Нұрғайша Усабаева, немере қарындасы Рымжан Сейфуллина ризалық білдірді.

Айқын Несіпбай,